

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 876 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 29 тамыз N 1310. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 876 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 20, 185-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі (Экобиоресурсмині) туралы ереженің;

8-тармағының үшінші абзацы "қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдер мен конвенциялар" деген сөздермен толықтырылсын.

9-тармақтың "а"-тармақшасындағы:

"саясатты қалыптастырады" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады" деген сөздермен толықтырылсын;

"табиғат" деген сөзден кейін "және биологиялық" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"аң шаруашылығын жүргізуге және аң шаруашылығына жер бекітіп беруге құқықты беру туралы ұсыныстар әзірлеуге, балықты және басқа су жануарларын өнеркәсіптік аулауға және балық шаруашылығы су қоймаларын бекітіп беруге құқық беруге қатысуға;

жануарлардың мемлекеттік есебін ұйымдастыруға және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысуға;
өз өкілеттігіне сәйкес:

қоршаған ортаны (жер қойнауынан басқа) тастаулармен, тастамалармен, қалдықтарды орналастырумен ластауға рұқсат беруге және оның күшін жоюға;

биологиялық ресурстарды пайдалануға рұқсат беруге және оның күшін жоюға . "

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің жүйесіне кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 29 тамыздағы
N 1310 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар
министрлігінің жүйесіне кіретін құрылымдық
бөлімшелердің

ТІЗБЕСІ

Алматы қалалық экология және биоресурстар басқармасы, Алматы қаласы
Облыстық экология және биоресурстар басқармалары
Аудандық экология және биоресурстар басқармалары
Республикалық мамандандырылған талдамалық-бақылау лабораториясы,
Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК